

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Жұлдыз» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Әбдіғазиева Айгерім				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	20.03-24.03.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)				"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қояды үйрету. (еңбек дағдылары)
	«Менің көңіл-күйім»				"Киіз басу" рөлдік ойыны.

	Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.				Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер. Киіз басып аяқпен, Дөңгелентіп аламыз. Сабалаймыз таяқпен, Білектейміз, жаямыз. Г. Кужагулова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	---	--	--	--	--

	Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.				
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы доптар төменде 1.1 - балалар доптарымен қолдарын жоғары көтеріп, оң жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу. 1.3 - балалар доптарымен сол жаққа бұрылады; 1.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.1 - аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын сермейді; 2.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқтары бірге, дене тік, доптар төменде 3.1 - жерге жартылай отырып, қолдарын жоғары көтеріп, доптарын көрсетеді; 3.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде 4.1 - доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында айналып секіру (оң және сол жаққа). 4.2 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-				

	құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен,				Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру,

	Күннің көзі – нұр көктем. (сөйлеуді дамыту)				ұжымда достыққа тәрбиелеу. Дала гүлге оранады, Түрлі түске боянады, Нұрлы көктем келген кезде Табиғат та оянады. (сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Көктемгі демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)				Көктемгі демалыс. (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)				Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (қоршаған ортамен танысу,

	Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: байқау қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн".				сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды
--	--	--	--	--	---

	(дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіру іскерліктерін жетілдіру.				дамыту: "Қуып жет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма.				

	Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	«Оқтауы бар түлкі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	"Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтаbandықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру." (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Көркем әдебиет шығармаларын оқу. Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем				"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа,

	әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет)				қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: "Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды.
--	--	--	--	--	--

					"Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: "Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен коректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап
--	--	--	--	--	---

					алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. (дене шынықтыру)
Балалармен жеке жұмыс	Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (сурет салу)				"Көңілді сан" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тура және кері санауды дамыту, кезкелген ұсынылған цифрден санай бастауды меңгерту. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				

Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. <i>Көркем сөз</i> Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді

және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізуді үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.

Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка)

Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).

Өнер бұрышында жаңа жыл тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)**

Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-**

	әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Балабақша, мен және отбасы – денсаулық формуласы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.				Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау.

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**